



## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Жаз - балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, олардың толыққанды, жан-жақты, психикалық және физикалық дамуы үшін жағдайлар жасауға қолайлы кезең. Өсіп және дамып келе жатқан бала ағзасы қоршаған ортаның түрлі факторларының әсеріне өте сезімтал келеді. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтиын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру саласында ата-аналардың құзыреттіліктерін арттыруға мол мүмкіндіктер береді.

Жаз – әрбір баланың өміріндегі ерекше кезең. Осы кезеңді бала денсаулығы мен эмоционалдық және танымдық процестердің дамуы үшін пайдалы өткізу айналасындағы қоршаған ересектерге тікелей байланысты. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Балалар осы кезеңде уақытының көбісін далада өткізетін болғандықтан, ересектер жазғы кезеңде балалар әрекетін ұйымдастыруға баса назар аударулары қажет. Аталған мәселелерді сауатты шешу кездейсоқ жағдайлардың алдын-алып, білім беру процесінің барлық қатысушыларына эмоционалды-қанық, мазмұнды өмірді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

**Әдістемелік құралдың мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру жұмыстарына қажетті жағдайларды анықтау және жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыруда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.

**Міндеттері:** 1. Балалардың өмірін қорғау мен денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін, ауру мен жарақат алуды алдын-ала ескертетін жағдайларды жасау. 2. Балалардың дербестіктерін, бастамашылдықтарын, білуге құмарлықтары мен танымдық белсенділіктерін дамытуға бағытталған шаралар жүйесін іске асыру. 3. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруда педагогтардың құзыреттіліктерін арттыру, балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастырудың сапасын арттыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жанартылған мазмұнын жазғы кезеңде тиімді іске асыруда аталған құрал педагогтарға үлкен көмек беріп, балаларды бүгінгі заман талабына сай жан-жақты дамыған, интеллектуалды тұлға етіп тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

## **ЖАЗҒЫ КЕЗЕҢДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕЙТІН ҚҰЖАТТАР МЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТЫҢ БАҒЫТТАРЫ**

Балалармен жазғы кезеңдегі емдеу, шынықтыру, сауықтыру және тәрбиелік іс-шараларды өткізуді реттейтін нормативтік құжаттар:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;

- «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (23.07.2021 ж. өзгерістермен ҚР БҒМ № 182 Бұйрығымен);

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы (2020.09.24 № 412 өзгерістер мен толықтырулармен);

-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы ( 2021.07.09 № ҚР ДСМ - 59 өзгерістер мен толықтыруларымен) "мектепке дейінгі ұйымдарға және балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидаларын бекіту туралы";

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы (2021.12.29 № 614 өзгерістерімен);

***Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру салалары бойынша жүргізілетін жұмыстың бағыттары***

***«Денсаулық» білім беру саласы:*** -балалардың денсаулығын, ағзаның бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, қимыл тәжірибелерін байыту және психикалық қабілеттерін дамыту, оң эмоционалдық жай-күйін қалыптастыруға ықпал ету арқылы нығайту; - ағзаның физикалық қызметін жан-жақты жетілдіру; - бала ағзасының жұмысқа қабілеттілігін шынықтырудың түрлері арқылы арттыру; - дене жаттығуларымен айналысуға қызығушылықты және қажеттілікті қалыптастыру; - әр баланың қимыл – қозғалыс біліктерін көрсете білуге жағдай жасау; - аурудың және балалар жаракатының алдын алуға мүмкіндік туғызу.

***«Шығармашылық» білім беру саласы:*** -жыл бойы алған музыкалық әсерлерін кеңейту; - балалардың импровизацияға деген ұмтылысын қолдау; - баланың қиялын, ынтасын, шығармашылығын белсендіру; -музыкалық-театрлық мәдениет негіздерін дамыту, балаларды жағымды эмоциялармен рухани тұрғыда байыту; - ойын, ән және би суырып салмалықты қолданып, балалардың көркем бейнені жасауында орындаушылық біліктерін жетілдіру; -қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарында коммуникативтік дағдыларды дамыту: құрдастарымен,

педагогтермен және басқа адамдармен; - балаларды болмысты бақылауға баулу, әлемді суретшінің көзімен көре білуді дамыту;

- бейнелейтін затқа қатынасын, көңіл-күйін бере білуді дамыту, бейнелеу түрлерімен және тәсілдерімен эксперимент жүргізу; - бастамашылдық танытуына барынша еркіндік беру және ол үшін қажетті физикалық және психологиялық кеңістік құру.

**«Таным» білім беру саласы:** - табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру; - құрдастарымен, ересектермен және қоршаған табиғатпен қарым-қатынас дағдыларын дамыту; - барлық сезім органдарын қолдануға: көру, есту, қолымен ұстау, дәмін татып көру, қоршаған ортаның түрлі элементтерін сезінуге кеңінен мүмкіндік беру.

**«Коммуникация» білім беру саласы:** -балалардың сөздік қорын байыту; - шығармашылықпен сөйлеу қызметін дамыту; -балаларды кітап мәдениетімен, балалар әдебиетімен таныстыру, балалар әдебиетінің түрлі жанрларынан дауыстап оқылған мәтінді түсіну.

**«Әлеумет» білім беру саласы:** -балалардың ойын әрекетін дамыту; - қарапайым жалпы қабылданған нормалар негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынасқа тарту; -гендерлік, отбасылық, азаматтық қатыстылығын, патриоттық сезімдерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру; - еңбек әрекетін дамыту, өзінің еңбегін, басқа адамдардың еңбегін, оның нәтижелерін бағалай білуге тәрбиелеу; - адам мен қоршаған орта үшін қауіпті жағдайлар және ол жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Педагогтермен жұмыстың міндеттері:** -кіші мектепке дейінгі жастағы балалармен жазғы сауықтыру жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша педагогтердің құзыреттілігін арттыру; -жазғы демалысты жоспарлау және ұйымдастыру үшін әдістемелік қолдаумен қамтамасыз ету.

**Ата-аналармен жұмыстың міндеттері:** -балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша ата- аналардың құзыреттілігін арттыру; - Үлгілік педагогикасы негізінде отбасын тәрбие процесіне қатысуға тарту; - балаларды жазғы кезеңде тәрбиелеу мен сауықтыру мәселелері бойынша ата-аналарды педагогикалық және санитариялық ағартуды іске асыру.

**Күтілетін нәтижелер:** -балалардың жыл бойы алған білімдерін пысықтау, жарқын әсерлермен байыту;

- баланың сырқаттануы бойынша балабақшада болмайтын күндері санының азаюы; салқын тигеннен болатын аурулар санының төмендеуі; -баланың балабақшадағы әрекетін эмоционалды-қанық, мазмұнды ету; -балалардың қарым-қатынаста белсенділігін, бастамашылдығын қолдау; -қоршаған ортаны қабылдауда адамгершілік-эстетикалық тәжірибе жинақтау; - табиғат әлеміне қызығушылығын тудыру, табиғат әлемімен өзара әрекетте адамгершілік сезімдерін көрсету; - түрлі балалар әрекетінде шығармашылық қабілеттерін таныту; -балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда педагогтер мен ата-аналардың қызығушылықтарының және кәсіби құзыреттіліктерінің артуы.

## **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

**1. Ұйымдастырушылық-ақпараттық:** 1. жазғы сауықтыру кезеңіне жағдайлар жасау: - нормативтік құжаттарды дайындау және зерделеу, бұйрықтар шығару, қызметкерлермен еңбекті қорғау және жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту бойынша нұсқау жүргізу, күн тәртібін, тамақтану тәртібін ұйымдастыру.

Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру және шынықтыру бойынша шараларды талдау: - балаларды сауықтыруға және шынықтыруға жағдайлар жасау; - балалардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу; - қимыл әрекетін тиімді ұйымдастыру; - тиімді шынықтыру жүйесі; - емдік-сауықтыру жұмысы; - гигиеналық шаралар кешені; - педагогтер мен ата-аналардың кеңестік-ақпараттық жұмысы.

Жазғы мерекелер мен сауықтарды, серуендерді, балалар шығармашылығы көрмесі мен отбасылық сайыстарды ескере отырып, балалармен кешенді-тақырыптық жоспарлау жұмысын іске асыру.

**2. Әкімшілік-басқарушылық бақылау:** - сауықтыру жұмысын бақылау және басқару; - әкімшілік-шаруашылық қызмет.

**3. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру:** - кеңестер; - тақырыптық көрмелер; - әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу; - әдістемелік кабинетті, топтарды, балабақшаның балалар серуендейтін аумағын жабдықтау және толықтыру; - отбасымен жұмыс.

**4. Қорытынды:** Жазғы сауықтыру жұмысын талдау; - балалардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу; - жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын шығару (педагогтермен Педагогикалық кеңес өткізу: Жазғы сауықтыру жұмысын талдау: оң және теріс жақтарын анықтау).

## **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

Мектепке дейінгі ұйымдағы балалармен жазғы жұмысты өзінің ерекшелігіне сәйкес сауықтыру деп атауға болады. Балалардың денсаулықтарын нығайту және олардың денсаулығы мықты болып, жақсаруы мен шынығуы, өсімдіктер мен жануарлардың ғажайып әлемін түсінуі мен ұнатуы үшін жаз мезгілінің жағымды жағдайларын барынша орынды қолдану маңызды. Жазда табиғат балалардың танымдық қабілеттерінің дамуына үлкен мүмкіндіктер береді.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі ұйымдастырылған білім беру әрекеті жыл бойы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес игерген білім, білік, дағдыларды пысықтау мен бекітуді қарастырады. Ол үшін алдымен мектепке дейінгі ұйымда өтпелі тақырыптар негізінде жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары жасалады (2- қосымша).

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі барлық әрекет түрлерін таза ауада ұйымдастыру ұсынылады. Ол үшін әрбір әрекет түріне мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібінде орын мен уақыт беріледі.

Жазғы жұмыстардың табысты болуы мектепке дейінгі ұйым басшысынан бастап барлық балабақша ұжымының мерзімді талапқа сай дайындығымен айқындалады.

**1. Ұйымдастырылған білім беру әрекеті** - бұл балаларды дене шынықтыру жаттығуларына жүйелі дайындаудың негізгі түрі. Жазғы сауықтыру кезеңінің ұйымдастырылған іс-шаралары балалардың шамадан тыс шаршауын немесе ағзаның физиологиялық процесстері мен құрылымдары іс-әрекетінің атап айтқанда, дене шынықтыру жаттығулары кезінде барынша жұмыс істейтін сүйек-бұлшық ет және жүрек-қан тамырларының бұзылуына, жол бермеуі тиіс.

Физикалық жаттығулар балалардың жасына, дене дамуы мен денсаулық жағдайына, дене шынықтыру құрал-жабдықтарына байланысты іріктеледі.

Қимылдық ойындардың, жарыс элементтері бар спорттық жаттығулар, жаяу серуендер, экскурсиялар, бағыт бойынша серуендеу (қарапайым туризм), мерекелер, ойын-сауықтардың енгізілуімен білім беру әрекеттің ұйымдастырылған түрлері апта сайын күн сәулесінің қызуы төмен уақытта жоспарланады (аптап ыстық басталғанға дейін немесе оның басылуынан кейін).

**2. Таңғы гимнастика.** Өткізу мақсаты – ағзаның функционалдық жағдайын және жұмыс қабілетін арттыру, моториканы дамыту, дұрыс дене сымбатын қалыптастыру, жалпақ табандылықтың алдын алу. Дәстүрлі гимнастика тыныс алу жаттығуларын міндетті түрде енгізумен қарапайым гимнастикалық жаттығуларды; затпен және затсыз жаттығулар; дұрыс дене сымбатын қалыптастыруға арналған жаттығулар; ірі модульдерді, снарядтарды, қарапайым тренажерлерді қолданатын жаттығуларды қамтиды. Түзету

гимнастикасы бала дамуындағы ауытқушылықтар немесе бұзылулардың сипатына сәйкес арнайы жаттығуларды қамтиды.

**3. Қимылды ойындар** күрделілік дәрежесі бойынша жылдам, орта және баяу қимылды ойындар болып бөлінеді. Жылдам қимылды ойынға барлық топ қатысады, орташа қимылды ойынға барлық топ белсенді қатысады, бірақ қимыл сипаты бәсеңдеу, баяу қимылды ойында қимылдар баяу қарқында орындалады.

Ойынды таңдау педагогикалық міндеттерге, дайындыққа, балалардың жеке ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қимылды ойын түрлері: - сюжеттік (шағын ертегіні немесе сюжеттік әңгімені түсіндіру кезінде пайдалану) және сюжетсіз; - аулалық; - ұлттық; - спорт элементтерімен (бадминтон, футбол).

Қимылды ойындар ауада, спорт алаңында күнделікті күн сәулесінің қызуы төмен уақытта өткізіледі.

**4. Қимылдық сергіту сәті** (сергіту сәттері, динамикалық үзілістер). Оларды таңдау алдыңғы әрекеттің қарқындылығы мен түріне байланысты болады. Таза ауада күн сайын ойын немесе спорт алаңында күн сәулесінің қызуы төмен уақытта өткізіледі.

Түрлері: - ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар; - ырғақтық қимылдар; - көңіл мен қозғалыстар үйлесімділігіне арналған жаттығулар; -

тепе-теңдік жаттығулары; - көз қарашығының жұмысын жандандыруға арналған жаттығулар. - тепе-теңдік жаттығулары; - түзету жаттығулары; - дене сымбатын қалыптастыруға арналған жаттығулар; - табан ойығын қалыптастыруға арналған жаттығулар

### **5. Спорт түрлерінің, спорттық жаттығулардың элементтері (кіші топ балаларына арналған).**

Арнайы қимылдық дағдыларды қалыптастыруға, ерік қасиеттерін, эмоцияны тәрбиелеуге, балалардың ой-өрісін кеңейтуге ықпал етеді.

Спорттық жаттығулардың мәні: тиісті еңбек дағдысын қабылдау және мүлікке ұқыпты қарау.

Таза ауада күн сайын ойын немесе спорт алаңында күн сәулесінің қызуы төмен уақытта өткізіледі.

### **6. Ояту гимнастикасы. Күндізгі ұйқыдан кейінгі гимнастика. Сюжеттік-ойын сипатындағы гимнастика.**

Ұйқыдан кейін әр түрлі жаттығуларды пайдалана отырып, сергіту сәті өткізіледі: - затпен және затсыз;

- дене сымбатын қалыптастыру; - табан ойығын қалыптастыру; - имитациялық сипаттағы; - сюжеттік; - қарапайым тренажерлармен (гимнастикалық доптар, гантельдер, резеңке сақиналар, эспандер); - ұсақ моториканы дамытуға; - қимылды үйлестіруге; - тепе-теңдікте - ұсақ моториканы дамытуға; - қимылды үйлестіруге; - тепе-теңдікті сақтауға.

Барлық жас топтары үшін ояту гимнастикасының ұзақтығы: 3—5 минут, өткізу орны – жатын бөлмесі. Барлық жас топтары үшін күндізгі ұйқыдан кейінгі гимнастика ұзақтығы: 7—10 минут.

**7. Күн тәртібіндегі жеке жұмыс.** Қимылдық белсенділікке, өз бетінше ойын мен жаттығуларға ынталандыру мақсатында жеке балалар немесе топтар бойынша жүргізіледі. Денсаулықты нығайтуға және әлсіз балалардың дене дамуын жақсартуға, дене сымбатының ақауларын түзетуге ықпал етеді. Спорт залында жүргізіледі. Уақыт жеке қойылады.

**8. Шынықтыру іс-шаралары.** Балалардың денсаулық жағдайы, физикалық дамуы, жеке ерекшеліктерін есептеумен іс-шаралар жүйесі: - күнделікті өмірдегі шынықтыру элементтері (салқын сумен жуыну, сүртіну, белге дейін су құю); - дене жаттығуларын ұштастыра отырып, шынықтыру іс-шаралары (дұрыс ұйымдастырылған серуен, дене жаттығуларына сәйкес күн және су шаралары); - дәрігер тағайындайтын арнайы су, күн емшаралары.

**Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібі сәттеріндегі атқарылатын жұмыс түрлері**

**Режимдік сәттер, іс-әрекет**

**Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері**

Балаларды далада қабылдау.

*Баланың балабақша өміріне біртіндеп кіруін қамтамасыз ету; әр балаға жайлы психологиялық көңіл-күй жасау.* Балаларды қабылдау.

Серуендік ойын, өнімді, танымдық-зерттеушілік, қимылдық әрекет, қарым-қатынас және т.б.

Таңғы гимнастика *Бала ағзасының физиологиялық белсенділігі*  
Гимнастиканың әр түрлі кешендері: ойын, жүгіру, ырғақтық.

Гимнастика (артикуляциялық, тыныс алу, саусактық) Серуеннен оралу (өз-өзіне қызмет көрсету, өзара көмек).

Таңғы асқа дайындық (кезекшілік). Таңғы ас.

*Тамақтануға дайындықтың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру* (сыртқы түрі, таза қол). Салқын сумен жуыну. Фольклорлық, әдеби-көркемдік қолдау. Балалармен жеке жұмыс. Дербестікті, жауапкершілікті дамыту бойынша әрекет (қолды жуу, тағамды қабылдау, ойыншықтарды орнына жинау және т.б.)

*Үстел үстінде мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру* (тамақтану ережесін сақтау, үстел құралдарын дұрыс қолдану). Тамақ қабылдаудың әдептік түрлері. Тағамдарды дайындаудың ерекшеліктерін түсіндіру, олардың адам денсаулығы үшін маңызы.

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті

*Балалардың бірлескен жұмыстар түрлерінде алынған білім, білік және дағдыларын еркін әрекетке көшіру үшін жағдайды қамтамасыз ету.* Өзіндік бастамасы бойынша ұйымдастырылған балалардың ойындары. Жоспар бойынша жеке жұмыс. Проблемалық жағдаяттар.

Балалардың қызығушылықтары бойынша даму орталықтарындағы кіріктірілген әрекет. Ойындық, өнімді, танымдық-зерттеушілік, музыкалық-көркемдік, қимылдық әрекет, коммуникативтік, еңбек, оқу.

Серуенге дайындық (өз-өзіне қызмет көрсету)

*Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.*

Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар). Көркем сөз (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Қуанышты, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Серуенге дайындық (өз-өзіне қызмет көрсету).

Күндізгі серуен

*Балалардың денсаулығын нығайту және қимылдық белсенділікті оңтайландыру.* Қуанышты, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Түрлі дербес қимылдық белсенділік үшін жағдай жасау; қимылды дидактикалық ойындар; ережелері бар қимылды ойындар; ойын жаттығулары; жарыстар; ұлттық ойындар, жүгіру; көркемөнер ойындары. Денсаулық жолы.

*Музыка жетекшісі жоспары бойынша білім беру әрекеті.*

*Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.*

Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, эксперименттеу элементтері, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер.



**Қоршаған шындыққа балалардың көркем-эстетикалық қабылдауын дамыту.**

Учаскеде немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі, өлі табиғат нысандары, табиғат құбылыстарын бақылау.

Балалардың дербес шығармашылық әрекеті.

**Балабақша учаскесінде еңбек әрекетіне қызығушылықты ояту үшін жағдай жасау.**

Ересектердің еңбегін бақылау. Учаскеде ересектермен бірлесе жұмыс істеу. Қызығушылықтары бойынша балалардың ойдан шығарған ойындары.

Серуенге алып шығатын заттармен ойындар.

Серуеннен оралу (өз-өзіне қызмет көрсету, өзара көмек). Гигиеналық емшаралар. Түскі асқа дайындық (кезекшілік).

Түскі ас

**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.** Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын, киім мен аяқ киімді күту (дұрыс және орнына жинау), өзара көмек қажеттілігін қалыптастыру. Көркем сөз. Ересектер мен балалар көмегі.

**Тамақтануға дайындықтың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру** (сыртқы түрі, таза қолдар, өзінен кейін ойыншықтарды жинау – қажеттіліктері бойынша). Мәдени-гигиеналық нормаларды жүзеге асыруда тәрбиешінің көмегі (ерте, кіші жастағы балалар үшін).

**Үстел басында мәдени тәртіп дағдыларын қалыптастыру** (тамақты қабылдау ережелерін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс қолдану). Әдеп түрлері. Үстел басында мәдени тәртіп дағдыларын жетілдіру.

Күндізгі ұйқы **Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру.** Жергілікті желдету. Тыныштық режимі.

Ұйқыдан тұру.

Байыпты гимнастика.

Гигиеналық, шынықтыру емшаралары.

**Балаларды біртіндеп ояту үшін жағдай жасау. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігі.** Ояту гимнастикасы.

Тренажерлық жүгіру жолдары. Шынықтыру шаралары. Музыкалық қолдау. Көркем сөз.

Бесін асқа дайындық.

Бесін ас.

**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**

**Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру** (жуыну, тамақты шаю).

Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау.

**Үстел басында мәдени тәртіп дағдыларын жетілдіру.**

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті

Ойындық, өнімді, танымдық-зерттеушілік, музыкалық-көркемдік, қимылдық әрекет, қарым-қатынас (оның ішінде өңірлік ерекшелікті есепке алумен) Серуенге дайындық (өз-өзіне қызмет көрсету)

**Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.**

Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиеші мен белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар). Көркем сөз (мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Қуанышты, көтеріңкі көңіл-күйді жасау. Серуенге дайындық (өз-өзіне қызмет көрсету).

**Серуендеу**

*Балалардың денсаулығын нығайту және қимылдың негізгі түрлерін жетілдіру. Балалардың қоғамдық сезімдерін қалыптастыру.* Қимылды ойындар, балалар немесе тәрбиеші бастамасы бойынша бақылаулар. Балалардың еркін дербес әрекеті.

Балалар тәрбиесі, күн нәтижесі және алдағы күн туралы әңгімелер.

## **ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІНЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ**

**Мазмұны**

**Мерзімі**

**Жауаптылар**

**I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық**

**Жазғы сауықтыру кезеңіне жаздай жасау**

«Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, жазғы сауықтыру жұмыстарының жобасын бекіту» педагогикалық кеңес

2022 мамыр. МДҰ меңгерушісі, әдіскер

Жазғы кезеңде МДҰ қызметін реттейтін, нормативтік құжаттарды зерделеу.

2022 мамыр. МДҰ меңгерушісі, әдіскер

Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтармен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн және жылу сәулесі кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - жер бөлігінде, гүлзарларда, бау-бақшада балалармен еңбек әрекетін ұйымдастыру мен өткізу. - бұқаралық шаралар; - спорттық және қимылдық ойындарды өткізу бойынша спорттық жарыстар; - алғашқы көмек көрсету ережесі.

Мамыр- Маусым

МДҰ меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері

Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу бойынша; - табиғатта серуендеу кезінде тәртіп ережесін сақтау; - балабақша аймағынан шығу уақытында тәртіп ережелерін сақтау.

Мамыр- Маусым

Әдіскер. Тәрбиешілер

Бұйрық шығару: Мамыр .МДҰ меңгерушісі

- жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жаңа түскен балаларды қабылдауды ұйымдастыру туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Маусым

Балалармен жазғы кезеңдегі жұмыс туралы әдістемелік құралдар, мақалалар мен журналдар көрмесі

Мамыр. Әдіскер

Жазғы кезеңнің жоспары жобасын бекіту

Мамыр. Әдіскер

## 2. II кезең. Әкімшілік –басқару бақылау

Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, кимылдық және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - спорт алаңдарын дайындау; - әрекеттің әр түрлеріне арналған құрал-жабдықтарды толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.)

Мамыр. МДҰ меңгерушісі, Әдіскер, Шаруашылық меңгерушісі  
Сауықтыруды ұйымдастыруды бақылау, кимылды ойындарды, ойын- сауық өткізу

Әдіскер

Күні бойы әрекетті ұйымдастыру мен жоспарлауды бақылау: танымдық – зерттеушілік, тәжірибелік-эксперименттік, еңбек, экологиялық, ойын, дене шынықтыру - сауықтыру және т.б.

Әдіскер

Назарға алынған бақылау: - Перспективалық жоспарды талдау; - күн тәртібін сақтау; - балалар әрекетіне ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық

Маусым- тамыз

МДҰ меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері

**Жедел бақылау:** - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күні бойы балалармен жұмысты ұйымдастыру; - белгіленген іс-шараларды өткізу; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар; - Жолда жүру ережелері, қауіпсіздік ережелері бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Маусым - тамыз

МДҰ меңгерушісі, әдіскер, медицина қызметкері

## 3. III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру Педагогтарға арналған

кеңес: - «Жазғы кезеңде балалармен жұмысты ұйымдастыру ерекшеліктері»; - «Шынығу тәртібін дұрыс ұйымдастыру»; - «Алғашқы көмек көрсету»; - «Серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру»; - «Балалар

шығармашылығын ұйымдастыру» - «Бейімделу кезеңін ұйымдастыру»; -  
«Топтарда заттық-кеңістікті дамытушы орта құру».

Мамыр – Маусым- Шілде  
Әдіскер, медицина қызметкері

**Семинар:**

«Жаздағы шынықтыру жүйесі» (алдын алу іс-шаралары және олардың балалар ағзасына ықпалы, жазғы айлардағы шынықтыру, әдістер, тәсілдер, сауықтыру іс-шараларын өткізу әдістері, сауықтыруды ұйымдастыруға талаптар)

**Семинар – практикум:**

1) «Спорттық ойындар элементтерін үйрету (шағын-футбол, үстел үсті теннисі және т.б.)

2) «Бейімделу кезеңіндегі ойындар»

Әдіскер

Санитарлық бюллетендерді рәсімдеу: «Ішек жұқпасы»; «Кене энцефалиті»;  
«Көз зақымдарының алдын алу»; «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер»

Әдіскер, медицина қызметкері

Педагогтармен жекелеген жұмыс (сұраулары бойынша)

Әдіскер

**Балалармен жұмыс** «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары

Күнделікті жоспарлау бойынша

Әдіскер, тәрбиешілер, музыкалық жетекші

**Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары**

Балалар денсаулығының мониторингі

Мамыр Тәрбиешілер

Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру

ЖСК бойы Тәрбиешілер

Таза ауада дене шынықтыру бойынша ұйымдастырылған білім беру әрекеті, ертеңгілік жаттығу, балаларды қабылдауды ұйымдастыру

ЖСК бойы

Тәрбиешілер

Антропометрикалық өлшемдерді өткізу

Мед. қызметкер, жоспары бойынша

Таза ауада балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру үшін жағдай жасау:

1. Дене шынықтыруды ұйымдастыруға арналған спорттық және ойын жаттығулары (қ/о арналған спорттық ойындар элементтері);

2. Қимылды ойындарды ұйымдастыру, олардың ережелері; ойын жаттығулары, балалардың қозғалыс белсенділігінің алуан түрлері қосылған ойын жағдаяттары ;

3. Спорттық мерекелерді, ойын-сауықтарды ұйымдастыру:

ЖСК бойы МДҰ меңгерушісі, Тәрбиешілер

Күні бойы шынығу - шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу (дозаланған күн ванналары; массаж жолдары бойынша жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтау); -ауызды және тамақты шаю; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.

ЖСК бойы Тәрбиешілер

Күні бойы жаттығу: - түзету жаттығулары - майтабандылықтың алдын алу

ЖСК бойы Тәрбиешілер

- дене сымбаты бұзылуының алдын алу - саусақ, артикуляциялық, тыныс алу және т.б. жаттығулары Асқазан-ішек ауруларын ескерту бойынша балалармен әңгімелесу

Тәрбиешілер

Серуенде физикалық сапасы мен дағдыларын қалыптастыру, қозғалыс тәжірибесін байыту бойынша балалармен жеке және шағын топтармен жұмыс

тәрбиешілер

Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру

Медицина қызметкері, бас-аспаз

**Отбасымен жұмыс:**

«Жазда балаларды сауықтыру» ата-аналармен сауалнама жүргізу;

- МДҰ жаңа қабылданған балалардың ата-аналарымен жұмыс (ертеңгілік қуанышты кездесулер, кеңестер т.б.), жаңадан келген балалардың ата-аналарына психологтың ұсынымдары;

- жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпарат; - бірлескен демалысты ұйымдастыру мен өткізуге ата-аналарды тарту

мамыр, маусым, шілде

Әдіскер, Тәрбиешілер

**Қорытынды:**

**Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау**

Балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау

Тамыз, Тәрбиешілер

Денсаулық мониторингі

Қыркүйек. Тәрбиеші, медицина қызметкері

«Жазғы сауықтыру кезеңін талдау» педагогикалық кеңес өткізу

Қыркүйек

МДҰ меңгерушісі, Әдіскер